



ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН
ҰРПАҚТЫ АЗДЫРМАСЫН

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



АЛАШТЫҢ ЖАРЫҚ
ЖҮЛДЫЗЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

№23
(4456)
Сенбі
25 ақпан
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫ ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛЕДІ

АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен 28 ақпанда алғаш рет Астанаға ұшып келеді.

ҚР Сыртқы істер министрлігінің хабарлауынша, АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен 28 ақпанда Қазақстанға алғашқы ресми сапарын жасайды. Ол Астанада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездеседі. Сонымен бірге Премьер-министрдің орынбасары, Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеубердімен кездесуі жоспарланған.

Сол күні Блинкен Орталық Азия елдері мен АҚШ сыртқы істер ведомстволары басшыларының C5+1 форматындағы министрлік кездесуіне қатысады. Күн тәртібінде АҚШ-пен аймақтық ынтымақтастық және әріптестікті одан әрі дамыту мәселесі тұр.



ТАҒЫ 100 КИІЗ ҮЙ ТІГІЛЕДІ

Қазақстаннан Түркияға тағы 100 киіз үй жіберілетін болды. Бұл жөнінде Түркияның Қазақстандағы елшісі Уфук Экиджи мәлім етті.

Осыған дейін Қазақстаннан жіберілген киіз үйлерде қазір ең орасан шығын шеккен Қахраманмараштағы зілзаладан зардап шеккендер тұрып жатыр. Киіз үйлерді паналаған адамдар уақытша тұруға баспананың тұрмысқа өте қолайлы екенін айтып, ризашылығын білдірді.

Түркияда 6 ақпан күні таңертең болған жер сілкінісінің соңғы мәліметтері бойынша зілзала салдарынан 43,5 мыңнан астам адам қайтыс болған. Апат аймағынан 448 мыңнан астам адам эвакуацияланған.

«ASTANA
AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ
ЖҮРІП ЖАТЫР



ҚАУІПСІЗ ҚАЛАНЫҢ ҚАЛҚАНЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен еліміздің құқық қорғау жүйесінде жүргізіліп жатқан реформаның негізі полиция қызметін жаңа үлгіде жүргізу болып отыр. Бұл ретте Президент полиция мен азаматтардың арасында тығыз қарым-қатынас орнатуды бірінші кезектегі міндетке айналдыруды тапсырып, «Халыққа жақын полиция» қағидасын ұсынды. Жыл сайын тұрғындар саны артып, қала аумағы кеңейіп бара жатқанын ескерсек, Астанада қоғамдық тәртіп пен адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жүгі жеңіл еместігі анық. Осы орайда елордада қандай жұмыстар атқарылып жатыр?



«АРҒЫМАҚ» ЖҮЛДЕСІ – 12 МИЛЛИОН

Ертең, 26 ақпанда, Астанада ат спортынан «Арғымақ» кубогы сарапқа салынады.

Ат құлағында ойнайтын қатысушылар конкур бойынша 5 түрлі жарыста сынға түседі. Жарыстар елордадағы «Арғымақ» ат спорты-сауықтыру

кешенінде (Қарқаралы тасжолы, 1) өтеді. Кубок сайыстары сағат 9:00-де басталады. Жарыстың жалпы жүлде қоры – 12 миллион теңге.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өткен жылы Үкіметке Қазақстан мен АҚШ арасында тез арада әуе қатынасын ашу туралы тапсырмасы бойынша сертификаттау жұмысы басталды.

АМЕРИКАҒА ТІКЕЛЕЙ ҰШАДЫ

Қазақстанның АҚШ-тағы төтенше және өкілетті елшісі Ержан Ашықбаев Қазақстан мен АҚШ арасында тікелей әуе қатынасы 2025 жылдың екінші жартысында ашылады деп хабардар етті.

«Қазақстанның әуе әкімшілігі Азаматтық авиация комитетімен бірлесіп, Американың Федералдық әуе әкімшілігінің стандарттарына сәйкес біздің бүкіл авиациялық өнеркәсіптің, әуе компанияларының, әуежайлардың Америка тарапының стандартына сәйкес келетінін дәлелдейтін тексерістерден өтеді. Бұл жұмыс қолға алынды» деді Ержан Ашықбаев.

Еліміздің ең ірі ұлттық әуе компаниясы АҚШ-тан ұзақ қашықтыққа ұшатын 3 Dreamliner ұшағын лизингке сатып алу жөніндегі келісімге қол қойған. Қазір Федералдық авиация әкімшілігінің сертификаттау жұмысы басталды.



АСТАНАДА ВИЗА ХАБЫ АШЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Финляндияның Сыртқы сауда және халықаралық дамуды қолдау министрі Вилле Скиннериді қабылдады.

Мемлекет басшысы министрге ілтпатап білдіре отырып, фин делегациясының сапары екіжақты ынтымақтастыққа тың серпін беру тұрғысынан маңызды екенін атап өтті.

Президенттің айтуынша, дипломатиялық қарым-қатынас орнаған 30 жылда Финляндия Солтүстік Еуропа мемлекеттері арасында экономикамызға ең көп инвестиция құйған екінші елге айналды. Сонымен қатар Финляндияның Орталық Азия елдерімен сауда айналымының 90 пайызы Қазақстанға тиесілі.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі мемлекеттің сауда-экономикалық, көлік-логистика және білім беру салаларындағы серіктестігін нығайту маңызды екенін атап өтті. Мемлекет басшысы фин кәсіпкерлерінің Қазақстанға құйтын инвестициясын ұлғайта түсу үшін жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Өз кезегінде Вилле Скиннериді құрметпен қабылдағаны үшін

Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, екі ел арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге әлеует мол екенін мәлімдеді.

Министр Қазақстанға сапармен келген делегация құрамында Nurminen Logistics Plc, Nokia, EastCham Finland, Business Finland, Lamor, Wärtsilä Finland, PayIQ, EPSE секілді 15 ірі фин компаниясының өкілдері бар екенін жеткізді. Алдағы кездесулер барысында сауда-экономикалық байланыстарды нығайту мәселелері талқыланады.

Бұдан бөлек, фин тарапы Астанадағы Финляндия елшілігі жанынан Орталық Азия елдерінің азаматтарына қызмет көрсететін виза хабын ашады.

Әңгімелесу барысында халықаралық және аймақтық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер де талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Финляндия Президенті Саули Нинистеге ізгі тілегін жолдап, Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен қызметтік борышын атқарудағы жан-қиярлығы, сондай-ақ Түркия Республикасындағы және Сирия Араб Республикасындағы төтенше жағдайда көрсеткен ерлігі үшін Қазақстан құтқарушылары мемлекеттік наградалармен марапатталды.

II дәрежелі «Айбын» орденімен – Төтенше жағдайлар министрлігі Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бастығы Айдын Жоламанов және Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұланы 3656 әскери бөлімінің авиациялық жасағының кеме командирі Құрманғали Топанов, «Құрмет» орденімен – Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі басшысының орынбасары – құтқарушы Ардақ Айтпаев,

Төтенше жағдайлар министрлігі Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің бөлімше басшысы – құтқарушы Владимир Цой марапатталды.

«Ерлігі үшін» медалімен 8 адам, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен 1 адам, «Ерен еңбегі үшін» медалімен 2 адам марапатталды. Сондай-ақ бірнеше адамға Қазақстан Республикасы Президентінің алғысы жарияланды.

5G ЖОБАСЫ БАСТАЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Қуанышбек Есекеевті қабылдады. Ол Мемлекет басшысына «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобының 2022 жылы қол жеткізген негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері мен жүзеге асыруға жоспарлаған перспективті жобалары туралы мәлімет берді.

Қуанышбек Есекеевтің айтуынша, өткен жылы «Қазақтелеком» АҚ-тың негізгі қаржы және экономикалық көрсеткіші өсті. Бұл биыл бірқатар ауқымды жобаны іске асыруға мүмкіндік береді. Олардың негізгісі 5G желісін жүргізу жобасы болмақ. Аталған міндетті «МТС» ЖШС және «Кселл» АҚ операторларының консорциумы атқарады. «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының еншілес компаниялары 2027 жылға дейін еліміз бойынша 7 мыңнан астам базалық станция салуға тиіс. Биыл Астана, Алматы және Шымкент қалаларында осындай 486 станция пайдалануға беріледі.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Әзербайжан–Қазақстан» бағыты бойынша Каспий теңізінің табаны арқылы тартылатын талшықты-оп-



тикалық байланыс желісін құрылысына қатысты халықаралық жобаны «AzerTelecom» компаниясымен бірлесіп жүзеге асыру жұмысы жалғасатыны жөнінде баяндалды. Сонымен қатар биыл ауылдарды одан әрі интернетпен қамтамасыз ету, Қазақстан абоненттерін ескірген ADSL желілерінен оптикаға көшіру,

көпқабатты тұрғын үйлерді GRON технологиясы арқылы жылдамдығы жоғары интернетке қосу секілді жобалар іске асырылады.

Кездесу соңында Президент халқымыз бен экономикамыз үшін жоспарланған жобаларды уақытылы және сапалы орындаудың маңызына назар аударды. Бұдан

бөлек, Мемлекет басшысы қалалар мен ауылдық жерлердегі телекоммуникация желілерін одан әрі дамыту, сондай-ақ Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру үшін халықаралық деректер трафикасында желілік инфрақұрылымды өркендету жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

БАС ҚАЛАДА – БЕЙБАРЫС СҰЛТАН КӨШЕСІ

Кеше елордада әйгілі қолбасшы, саяси және әскери қайраткер Бейбарыс сұлтанның атына берілген көшенің ашылу салтанаты өтіп, әлемдік тұлғаның биылғы 800 жылдығына арналған кешенді шаралар басталды. Бейбарыс сұлтан жылын ашқан шараға Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, дипломатиялық корпус пен зиялы қауым өкілдері, қала активі қатысты.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

– Бүкіл түркі әлемінің даңқты тұлғасы, кіндік қаны ұлы қазақ даласында тамаған баһадүр бабамыздың есімін ұлықтау біздің ортақ міндетіміз деп білеміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың нақты тапсырмасымен Бейбарыс сұлтанның мерейтойын биыл ел көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейде де атап өту үшін кешенді жоспар бекітілді. Астана мен Алматы қалаларында ғана емес, министрліктің бұйрығымен Қазақстанның барлық өңірінде бір жылдың ішінде 600-ден аса іс-шара өтеді деген жоспар құрылды. Қазақта «тұлғаны ұлықтау – тарихты ұмытпау» деген сөз бар. Ұлы бабаларымыздың жолын темірқазық ретінде түсінуіміз керек. Осы бір жылда ғана емес, одан кейін де ұлыларымызды ұлықтауды дәстүрге айналдырып, біраз шаруаны қолға алып, іске асыруға болады. Мәселен, биыл Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығы болса, келесі жылы Жошы ханның 800 жылдығы бар, – деді Асхат Оралов.

Белгілі қаламгер, әдебиеттанушы ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сауытбек Абдрахманов бүкіл адамзат тарихына ықпал жасаған, тұтас мемлекеттердің тарихына әсер еткен ұлы тұлғалар қандай халықта да аз болатынын, Бейбарыс сұлтан сондай сирек тұлға екенін айтты. Беделді «Британика» басылымы Мысырдағы мәмлүк сұлтандардың ең атақтысы, ең ықпалдысы Бейбарыс сұлтан деп жазғанын атап өтті.

– Қазір тарихтың талмау тұсында Бейбарыс сұлтан бізге ерекше керек. Әлемдік тарихқа әсер еткен тұлғаны тудырған халқымыздың ұлттық мақтанышын ояту үшін, болашаққа сенімімізді арттыру үшін керек. Бейбарыс сонда әлем тарихында қандай шаруа тындырған? Тұжырып айтатын болсақ, үш шаруасын айтуға болады. Біріншісі, крест жорығын, содан кейін моңғол шапқыншылығын тоқтатты. Үшіншісі, араб әлеміне, мұсылман әлеміне төнген қатердің бетін қайтарды. Осы үш ұлы еңбегінің өзі Бейбарыстың атын әлемдік тарихқа алтын әріптермен



жазуға мүмкіндік береді. Сондықтан қалай мақтануға да жөніміз бар, – деген Сауытбек Абдрахманов арабтың атақты жазушысы әл-Айнидің Бейбарыс сұлтанға берген жоғары бағасы жайлы айтты: «Бұл бүкіл мұсылман әлемінің Бейбарысқа берген бағасы деп айтуға болады» деді.

Бейбарыс сұлтан көшесі (бұрынғы №189 көше) «Көктал» саябағының маңайында орналасқан. Абаттандырылған, алты жолақты, ұзындығы – 2120 м. III.Бейсекова көшесінен басталып, Болашақ көшесінде аяқталады.

Астана әкімінің орынбасары Есет Байкен елорда жылдан-жылға қарқынды дамып, көлемі кеңейіп жатқанын атап өтті.

– Елордамызда әртүрлі нысандар, көшелер, даңғылдар салынып жатыр. Осы көшелер мен даңғылдарға біз көбіне

төл тарихымызға, ұлттық құндылығымызға сәйкес атау беріп жатамыз. Бүгінгі таңда қаламызда 1200-ден астам көше мен даңғыл бар. Оның басым көпшілігіне, нақты айтатын болсақ, 90 пайыздан астамына тарихи тұлғалар, тарихи жер-су атауы берілген, – деді Есет Байкен.

Тарих ғылымдарының докторы Бүркітбай Аяған Бейбарыс сұлтан Мысыр елін нығайтып, күшейткеннен кейін еліне қайтқанын айтты.

– Басқа елді көркейткен азаматтың өз елін іздеп, қазақ даласына оралғаны – бұл керемет айта жүретін іс. Бірнеше ай бұрын Астана қаласы ономастика комиссиясында осы мәселе қаралған кезде, комиссия мүшелері бірауыздан ең үлкен, ең тамаша көшеге ұлы бабамыздың атын беру жөнінде шешім қабылдады, – деді ғалым.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР


Францияда кейінгі 60 жылда болмаған құрғақ қыстан кейін қуаңшылық басталды.

Метеорологтар елде 32 күннен бері жауын-шашын болмағанын айтып, дабыл қағуда. Meteo France агенттігі мәліметінше, әдетте, қыстағы жауын-шашын есебінен жерасты суы толығады. Хабарланғандай, мұндай құрғақшылық пен жауын-шашынның болмауы соңғы рет Францияда 1959 жылы, яғни 64 жыл бұрын тіркелген. Сондай-ақ 2022 жыл Франция үшін ең ыстық кезең болғаны атап өтілуде.



АҚШ-та 900 мыңға жуық ғима-рат жарықсыз қалды.

АҚШ-тың солтүстік-батысында боран мен жаңбыр әлі басылмай тұр. Соның салдарынан 900 мыңға жуық үй мен жеке нысан жарықсыз қалды. Қаһарлы қыс Висконсин, Мичиган, Иллинойс, Индиана мен Нью-Йорк штаттарының тұрғындарын әбігерге салды. Соңғы ақпарат бойынша 1300-ден астам әуе рейсі тоқтатылған немесе кейінге шегерілген. Желдің екпіні сағатына 80 шақырымға, ал қардың қалыңдығы 46 сантиметрден асқан.



Сауд Арабиясында мұнай экспорттан түскен пайда рекордтық деңгейге жетті.

Мұндай көрсеткіш елде соңғы 10 жылда болмаған. Былтыр мұнай және мұнай өнімдерінен түскен пайда 326 млрд долларды құрады. Мәселен, ел астанасы Эр-Риядтағы компаниялар желтоқсан айында 85 млрд доллар тапқан, бұл өткен жылмен салыстырғанда 11 пайызға артық. Былтыр елден шыққан мұнайдың бір баррелі 80 долларға жетіпті.

ӘСКЕРИ КУӘЛІКТЕР ТАПСЫРЫЛДЫ

Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев интеллектуалды мектебінде 10-11-сынып оқушыларына әскерге шақырылушы куәлігі табыс етілді.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Салтанатты іс-шара «Жас ұлан» әскери мектебі курсанттарының патриоттық ән шырқап, әскери шеберлік өнерін көрсетумен басталды. Мектептің 35 оқушысына осы шараға арнайы шақырылған Ауғанстан соғысы ардагерлері әскерге шақырылушы куәлігін табыс етті.

«Әскерге шақырылушы куәлігі – бұл ер-азаматтың алғашқы әскери құжаты. Сондықтан бұл сәттің салтанатты, еске қалатындай өтуі өте маңызды. Отан қорғау – әрбір азамат үшін қасиетті борыш. Біз осы тұрғыда оқушыларға өз кеңесімізді айттық» дейді Ауғанстан соғысының ардагері, Қазақстан Қарулы күштерінің запастағы полковнигі Толқындат Төлешев.

Патриоттық іс-шара мектеп оқушылары өнерпаздарының концертімен түйінделді.



ЖАС ӨНЕРТАПҚЫШТАР САЙЫСЫ

Бас қаладағы әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында Оқу-ағарту министрлігі мен USTEM Robotics қоғамдық қорының қолдауымен робототехникадан Орталық Азия чемпионаты басталды.



First чемпионатын робототехника саласында 8 жылдан астам тәжірибесі бар USTEM Robotics қоғамдық қоры өткізіп отыр. Жарыс қатысушылардың жас ерекшелігіне байланысты бірнеше санатқа бөлінді. Олар: 6-10 жас аралығындағы балаларға арналған First Lego League Explore, 10-16 жас аралығындағы First Lego League Challenge және 12-18 жас аралығындағы First Tech Challenge.

USTEM Robotics қорының жетекшісі Асылбек Мырзахметов 2022 жылдың қазан айында оқушылар Женевада өткен дүниежүзілік жарыста жеңіске жеткенін атады.

«Биылғы жарыс энергия тақырыбына арналды. Балалар роботтарды бағдарламалау мен құрастырудан басқа, инновациялық жобамен айналысады. Өткен жылдың соңынан бастап әр топ әлеуметтік желілерде #FIRSTKZ2023 хештегі арқылы тапсырмалар орындады. Балалар түрлі энергетикалық стансаларға барып, репортаж жасап, сарапшылардан сұхбат алды. Оқу орындарында шеберлік сабағын өткізді, дайындық барысында еліміздегі бірқатар жоғары оқу орнының студенттерімен тәжірибе бөлісті. Жыл сайын робототехникамен айналысатын

балалардың саны артып келеді. Осы жылы да жас өнертапқыштарымыз жеңіске жетеді деп сенеміз» деді ол.

Үш күнге созылатын тартыста барлығы 1200 оқушы бақ сынады. 24-26 ақпанға дейін созылатын чемпионат қорытындысы бойынша жеңімпаздар ел намысын Американың Хьюстон қаласында өтетін халықаралық жарыста қорғайды.

Естеріңізге сала кетейік, соңғы 3 жылда Қазақстанда 3 мыңнан астам робототехника кабинеті ашылды. Екі мыңнан астам мұғалім робототехника курсынан өтті.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

МҮСІРКЕМЕЙ, МАҚТАН ЕТЕЙІК!

Өткен сенбі күні 2 кішкентай баласы бар жас отау қонаққа шақырды. Дастарқан басында сөз кезегі келгенде үй иесіне алғысымды білдіріп, «ботақандарың өсе берсін, келін көпбалалы ана боп, алтын алқа алсын» деп тілек тілеп едім, «мені де Ақорданың алдына барып арыз айтып жүрсін дейсіз бе?!» деп келін күліп қойды.

Қалиакбар УСЕМХАНҰЛЫ

Осыдан кейін тақырып табиғи түрде көпбалалы аналар жайына ауысып, әркім әртүрлі пікір айтты. Біреу «Көп бала тауып не керек, оны бағу да оңай емес» десе, енді біреулер «көпбалалым деп Үкіметке алақан жайғанша, тумаған дұрыс» деп кері толғады. Осы сөздерге қарап, қазір жұрт арасында «көпбалалы аналар – қоғамдағы ең осал топтың бірі» деген көзқарас қалыптасып келе жатқанын байқауға болатындай.

БАҚ беттерін ашсаң да «әкім көпбалалы аналарды қабылдап, олардың мұң-мұқтажын тыңдады», «көпбалалы аналар шеруге мынадай көмек көрсетілді» деген ақпаратқа шалынып жығыласың. Яғни біздің елде көпбалалы аналарды жағымды тұрғыдан – еліміздің демографиялық өсуіне үлес қосып жатқан алтын құрсақ, патриот аналар тұрғысынан насихаттаудан гөрі

оларды көмекке мұқтаж, бей-шара етіп көрсету басым сияқты. Бір ауыз сөзбен айтқанда, оларға берілетін мемлекеттік қаражаттың өзі оларды ынталандыру тұрғысынан емес, мүсіркеп берілетіндей әсер етеді. Айтарлықтай әлеуметтік жеңілдік жоқ, бала баққаны үшін көмек тым мардымсыз. Ендеше оны көрген жас аналар қайдан көпбалалы болғысы келсін?! «Қой, көпбалалы болып көптің сөзіне қалғанша, бір-екі бала тауып жанымды бағайын, қазақтың өсу-өспеуі маған қарап тұрмаған шығар» деп шешетіні анық. Ал шын мәнінде, біздің елдегі ең қастерлі адам көпбалалы аналар болуға тиіс. Өкінерлігі, біздің аналар сол құрметті шынайы сезіне алмай отыр. Керісінше, көпбалалы аналарды сол құрметті орнын талап еткені үшін «көмекке мұқтаж жандай» көзге түрткі қыламыз. Бұл жай нәрсе сияқтанғанмен, ертең елдің демографиялық өсімі құлдыраса, еселеп ақша берсең де, ешкімнің туғысы келмейтін жағдайға жетуіміз мүмкін...

САҚТАНДЫРУ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Қазір Астана қаласы тұрғындарының 82,2 пайызы МӘМС жүйесінің қатысушысы, ал сақтандырылмағандар үлесі 17,8 пайызды құрайды. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының елордалық филиалының баспасөз қызметі мәлім етті.

2023 жылдың 31 қаңтарындағы жағдай бойынша МӘМС жүйесіне қатысушылар саны 1083876 болды. Ал 235005 қала тұрғыны МӘМС жүйесімен қамтылмай отыр.

2023 жылдың қаңтар айында МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған Астана қаласы тұрғындарының үлесін бөліп қарастырсақ: соңғы 12 айда төлемдері жоқ адамдар – 59%; жұмыскерлер – 26%; азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша жұмыс істейтін тұлғалар – 5%; жеке кәсіпкерлер – 5%; дербес төлеушілер – 3%; БЖТ төлеушілер – 2%; тағы басқалары – 0,2%.

– Сақтандырылған астана-

лықтар кез келген уақытта, қажет болған жағдайда, олар медициналық сақтандыру пакетінде медициналық көмек ала алады. Дегенмен жүйеден тыс қалған 235 мың азамат бар. Олар қандай да бір түрлі себеппен жүйеден шығып қалған. Өйтсе де МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесі болмаса да, барлық азамат тегін медициналық кепілдендірілген көмек көлемінде медициналық (шұғыл медициналық көмек, жедел жәрдем бригадасын шақыру, учаскелік дәрігер қабылдауы, т. б.) көмек ала алады, – деп түсіндірді Медсақтандыру қоры елордалық филиалының директоры Нұрлыбек Қабықапаров.

АЗАПТАУ – АУЫР ҚЫЛМЫС

Өткен жылы елордалық прокурорлар азаптау фактілері бойынша 12 қылмыстық іс тіркеді. Қазір осы бойынша сотқа дейінгі тергеулер жүргізілуде.

Азаптауға қарсы күрес – көп болып атсалысуды қажет ететін түйінді мәселе. Халықаралық құқық азаптаулар мен оларға теңестірілген емдеу мен жазалау түрін қолдануға үзілді-кесілді қарсылық білдіреді. Тіпті оған негіз болатын жағдайлардың болу мүмкіндігінің алдын алуды да қарастырады. Бұл, түптеп келгенде, мемлекеттік саясаттың басым бағытының біріне айналып отыр.

2023 жылдан бастап азаптау туралы қылмыстық істерді тергеу прокурорларға жүктелді. Осыған байланысты Бас прокуратура «азаптау туралы қылмыстық істерді прокуратура органдарында сотқа дейінгі тергеу-тексеруді ұйымдастыру туралы» нұсқаулығын бекітті.

Азаптау фактілерінің жолын кесу және анықтау мақсатын-

да қала прокуратурасы қылмыстық қудалау органдарының ғимараттары мен қызметтік кабинеттерін бейнебақылау камераларымен жарақтандырып, сондай-ақ, кезекші прокурорлардың жұмысы күшейтілді.

Егер сіз қылмыстық қудалау органдары немесе басқа адамдар тарапынан азаптаудың құрбаны немесе күәсі болсаңыз, Қабанбай батыр даңғылы, 31 мекеңжайы бойынша орналасқан (Астана қаласының кезекші прокурорының тел.: 71-24-67, call-орталық тел.: 115) Астана қаласының прокуратурасына хабарласуыңызды сұраймыз.

Нұрлан ТОЙШЫБЕКОВ,
Астана қаласы
прокуратурасы тергеу
басқармасының басшысы

19 НАУРЫЗ
МАРТА 2023


№-14 округ
Сарыарқа ауданы

НЕГЕ Марат НАБИЕВ?

М.А. Набиевтің сайлау қорынан қаржыланды. Тапсырыс беруші: Набиев М.А.

Ұлыбританияда ірі бөлшек сауда желілері кейбір көкөніс түрлерінің саудасына шектеу қойды.

Тұрғындарға бұдан былай қызанақ пен қияр, бұрыш пен пияз секілді өнімдер үш пакеттен артық берілмейді. Бұл шара елдегі тапшылықты тежеу мақсатында жасалып отыр. Сарапшылардың айтуынша, былтыр жазғы аптап пен қысқы аяз салдарынан Британияның басты импорттаушылары саналатын Испания мен Мароккода көкөніс көп өскен жоқ.



Тәжікстанда 7,2 балдық жер сілкінісі тіркелді.

Зилзала ошағы Қытаймен шекаралас аймақта, Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданының маңында болған. Қытай ақпарат көздерінің дерегіне сәйкес, дүмпу Шыңжаңның бірнеше елді мекенінде сезілген. Сілкіністің ошағы Тәжікстанның Хорог қаласына жақын келген. Сонымен қатар Ташкентте де 3-4 балдық жер сілкінісі байқалыпты. Өзірге зардап шеккендер туралы ақпарат жоқ.

№23 (4456) 25/02/2023 Сенбі

– Марат Сағынтайұлы, Мемлекет басшысы құқық саласына реформа жүргізуді тапсыра отырып, «Халыққа жақын полиция» деген қағида ұсынды. Бұл енді сақшылардың жұртшылықтың сеніміне ие болуы керек дегенді білдіреді ғой?

– Дұрыс айтасыз, біз үшін халықтың сеніміне ие болудан асқан мәртебе жоқ. Осы бағытта қазір елорда аумағында ауқымды жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатыр. Мойындау керек, бізге жүктелген міндеттер де салмақты. Азаматтардың өмірі мен денсаулығын, құқығы мен бостандығын қорғау, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету алға қойылып отырған ең басты жауапкершілік деп түсінеміз.

Елдің бас қаласы жыл сайын өсіп, өркендеп, дамып, сәулеттеніп келеді. Сонымен қатар, мегаполисте адам саны да өсуде. Міне, осы жайды ескере отырып, оның үстіне елорда елге үлгі ретінде көріну керек деген ұстаным тұрғысында жұмысымызды сервистік модельге көшірдік. Бұл, негізі, заңға мойынсұнған азаматтардың мүддесі. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік моделіне көшу дегеніміз – полицияның дәстүрлі қызметін үлкен жауапкершілікке ауыстыру. Бұрын құқық қорғаудың негізгі мақсаты қылмыспен күреске бағытталса, енді сервистік модельде оның алдын алуға күш салынады. Бұл жерде ең маңыздысы – қылмыстың алдын алу, көмек көрсетуге дайын болу, сосын халықпен барынша тығыз қарым-қатынас орнату. Азаматтар мен погон таққан адамдардың өзара түсіністігі, құрметі болуы тиіс. Келісіп пішкен тон келте болмайды. Жұртшылық қоғамдық қауіпсіздікті сезінсе, полицияға сенім артса, жетістік көрсеткіші арта түсері сөзсіз.

– Елордада қоғамдық қауіпсіздік пен құқық тәртібін қамтамасыз ету жайы қалай?

– Азаматтардың құқын қорғау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – елорда полициясының негізгі міндеті. Қала тұрғындарымен қатар, қалаға қыдырып келген әрбір қонақ өзін еркін сезінуі әрі қауіпсіздігіне еш алаңдамауы керек. Міне, осы бағытта қазір қызметкерлер бар күшін салып еңбектенуде. Әсіресе тұрмыстық зорлық-зомбылық, есірткі қылмысы, алаяқтықпен алдау, арбау, қаржы пирамидаларынан адамдар көп зардап шегетінін жасыруға болмайды. Осыған байланысты қазір кешенді іс-шаралар жүзеге асырылуда. Айта кетейін, өткен жылдың қорытындысы бойынша қылмыс саны 9 пайызға өскені байқалады. Дегенмен адам өлтіру, ауыр дене жарақатын келтіру, зорлау, тонау, қарақшылық, бұзақылық және пәтер ұрлығы азайды.

Көшедегі қауіпсіздік деңгейі 5,5 пайызға артып, қылмыстың қайталануы 42,1 пайызға төмендеді. Соңғы 5 жылда қылмыс саны 2 есеге азайды. 2017 жылы

ХАЛЫҚ СЕНІМІНЕН АСҚАН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОҚ



Қазір еліміздің құқық қорғау жүйесіне түбегейлі реформа жасау көзделуде. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «...Алдымызда ауқымды жұмыстар тұр. Басты міндет – полицияның ұстанымын өзгертіп, жұмыстың жаңа үлгісіне көшу. Мұндағы негізгі мақсат – азаматтармен жұмыс барысында тығыз қарым-қатынас орнатып, қылмыстың алдын алу» деп атап көрсеткен еді. Кейінгі кезде құқық қорғау саласында оң өзгеріс бар екені байқалады. Адамдардың қауіпсіздігін қорғап, қоғамдық тәртіпті сақтауда нақты жұмыстар жандана түскендей. Жұртшылықтың полицияға деген сенімі де күн санап артып келеді. Біз бүгін осы бағыттағы атқарылып жатқан шаруалардың жай-жапсарын білу мақсатында Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Марат ТӨЛЕБАЕВТЫ әңгімеге тарттық.

32397 қылмыс тіркелсе, 2022 жылы ол 16572-ге кеміді. Өткен жылда 194 жалған жарнама мен заңсыз интернет-ресурсы бұғатталды. 536 рет қылмыс жасаған 89 адам және 3 топ ұсталды.

Есірткі қылмысымен күрес пен нашақорлықтың алдын алу мәселесіне ерекше назар аударылады. 232 есірткі қылмысы анықталды, оның 171-і – сатумен айналысқандар. 257,5 кг әртүрлі есірткі заты тәркіленді, оның ішінде 34,3 кг синтетикалық зат. 4 дәрі-дәрмек зертханасының қызметі тоқтатылды, 75 дәрі-дәрмек өндіретін орын бұғатталды. Елордада есірткі жеткізіп, сатумен айналысқан ұйымдасқан қылмыстық топ жойылды. 5 қатысушы, ұйымдастырушы және негізгі жеткізуші ұсталды. 37 келі гашиш тәркіленді.

Патрульдік полиция қызметінің жұмысы да жақсы жолға қойылған. Негізінен, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылық дерегін анықтау, ескерту, мүмкіндігінше болдырмау, қылмыстарды ашуға белсенді түрде қатысу және қылмыскерлерді ұстау, жол қозғалысы қауіпсіздігін қадағалау – солардың мойнында.

Орын алған жағдайды жедел талдау негізінде қаладағы аса қауіпті және апатты деген жол учаскелерінде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету үшін патрульдік полиция полкі жұмылдырылады. Жыл басынан бері бұл құрам 106 қылмыстың бетін ашты. Оның 5-еуі – кісі тонау, 1-еуі – зорлық, 10-ы – ұрлық, 5-еуі – дене жарақатын салу, 57-сі – есірткі тасымалы.

Жыл сайын елордалық полицияның материалдық-техникалық базасы жақсарып келеді. Құқық тәртібін қорғау және қылмысқа қарсы күрес үшін қажетті заманауи техника мен қызметтік автокөліктер берілген.

Өткен жылы әкімдіктің қолдауымен патрульдік полиция полкі, учаскелік инспекторлар және кезекші бөлімдер сияқты Полиция департаментінің сыртқы қызметі үшін тәулік бойы қызмет атқаратын 103 автокөлік сатып алынды. Мұның бәрі азаматтардың өтінішіне жедел ден қою, ішкі істер органдарының ашықтығы мен қолжетімділігі, елорда тұрғындары мен полицейлер арасында тығыз қарым-қатынас орнату үшін жасалады. Әрі бұл ұсақ құқық бұзушылықтың уақытылы алдын алуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда Жедел басқару орталығында 29 мың бейнекамера, оның ішінде «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешенінің 13 мың камерасы орнатылған. Сонымен қатар, көппәтерлі үйлердің кіреберісінде осы орталыққа біріктірілген «Бұлтты бейнебақылау» жүйесінің 5500-ден астам камерасы жұмыс істейді.

– Кадр мәселесінде тапшылық жоқ па, жас мамандарға қандай жағдай жасалады?

– Біздің мақсатымыз – жұмысқа аларда заңды бәрінен жоғары қойып, өзінің қызмет міндетін мұлткісіз орындайтын парасатты азаматтарға қол жеткізу. Негізі, ішкі істер органдарына қызметке Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарында бастапқы

кәсіптік даярлықтан өткендер қабылданады. Жас полицейлер Алматы, Қарағанды, Қостанай академиялары мен Ішкі істер министрлігінің Ақтөбе заң институтында даярланады. Іріктеу екі ай сайын жүргізіледі, оқу мерзімі – екі ай.

Қызметке қабылданарда азаматтар әскери-дәрігерлік комиссиядан, медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, полиграфологиялық тексеруден өтуі тиіс.

Тестілеу «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Сержантық лауазымға түсетін үміткерлер тестілеуден өтпейді. Қазіргі уақытта әлеуметтік пакеттің жақсаруына, қызметкерлер жаалақысының көтерілуіне байланысты ішкі істер органында қызмет етуге ниет білдіргендердің саны 10 пайызға артты.

Өткен жылдан бастап ішкі істер органы қызметкерлерінің жаалақысы өсті. Ал тұрғын үйге мұқтаж қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері мемлекет есебінен қызмет өткеру кезеңінде тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

Бүгінде қызметтік баспанамен қамтамасыз етілмеген полиция қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен арнайы ақшалай қолдау түріндегі тұрғын үй төлемі төленеді. Мұның өзі – жастар үшін мемлекет тарапынан жасалып отырған үлкен қолдау.

– Қазір елімізде Әділетті Қазақстан құруға батыл қадам жасалуда. Осыған полиция қызметкерлері қалай үлес қосып жатыр?

– Елордалық департамент ашықтық пен жариялылық қағидаты бойынша жұмыс істейді, халықтың сенім деңгейін арттыру және кері байланыс орнату бойынша шаралар қабылдайды. Жұмыстың сервистік моделіне көшу шеңберінде «Азаматтарды қабылдау» және «Жолда қабылдау» өткізіліп, оның барысында азаматтарға кеңес беріледі.


ПД басшысы мен орынбасарлары, қызметтер мен аумақтық полиция бөлімшелерінің басшылары азаматтарды қабылдайды. Барлық мәселе қабылдау кезінде шешіледі. Біз әрбір шағымды шынайы зерттеп, қажетті шаралар қолданамыз.

Есеп беру кездесуін учаскелік полиция органдарының басшылары мен учаскелік инспекторлар өткізеді. Сонымен

қатар, учаскелік полицейлер тұрғындарды үй чатына (2467, 248377 тұрғын) қосу арқылы азаматтармен қашықтан байланыс форматын орнатты, онда профилактикалық ақпарат орналастырылып, азаматтардың өтініші қаралады.

Мобильді қосымшаларда учаскелік инспекторлардың фотосуреті мен цифрлық визиткасы болады.

Бүгінгі таңда тек қылмыспен күресу ғана емес, адамдардың қауіпсіздігін арттыру, полиция мен тұрғындардың арасындағы тығыз байланысқа көбірек мән беріледі.



КӨШЕДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ДЕҢГЕЙІ 5,5 ПАЙЫЗҒА АРТЫП, ҚЫЛМЫСТЫҢ ҚАЙТАЛАНУЫ 42,1 ПАЙЫЗҒА ТӨМЕНДЕДІ. СОҢҒЫ 5 ЖЫЛДА ҚЫЛМЫС САНЫ 2 ЕСЕГЕ АЗАЙДЫ. 2017 ЖЫЛЫ 32397 ҚЫЛМЫС ТІРКЕЛСЕ, 2022 ЖЫЛЫ ОЛ 16572-ГЕ КЕМІДІ

Алматы ауданы аумағында азаматтарға сапалы полиция қызметін көрсету мен қауіпсіздік мәселелерін қоғаммен серіктестікте шешу қағидатына негізделген «Қазақстандық полиция қызметінің моделі» қанатқақты жобасы жүзеге асырылды. Осындай жоба 2022 жылы Сарыарқа ауданында да іске қосылды.

Қауіпсіздіктің түйткілді мәселелерін егжей-тегжейлі зерделеу әрі оларды жою жөніндегі ұсыныстарды әрі қарай әзірлеу үшін ведомстваралық құқық қорғау тобы құрылды. Бұл ретте талдау мен шешім қабылдау үдерісіне басқа да мемлекеттік органдар мен қоғамды тарту міндеті қойылып отыр.

Полиция қызметкерлерінің қоғамдық орындарда тұрақты болуын қамтамасыз ететін

«Полиция қолжетімді қашықтықта» қағидаты енгізілуде.

Әкімдіктің қолдауымен қалада модульдік үлгідегі 10 стационарлық полиция бекеті ашылды. Учаскелік полиция бекетінің саны 27-ден 42-ге дейін ұлғайды.

– Полиция қызметін цифрландыру туралы не айтасыз?

– Бұл тұрғыда бізде үлкен жұмыс атқарылды. Елордалық Полиция департаменті Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында ішкі істер органдарының қызметіне жаңа цифрлық технологияларды енгізу және оны жетілдіру бойынша алдыңғы қатардан көрініп келеді.

2022 жылдың 12 айында полицияның «102» жедел арнасына азаматтардан 729928 өтініш түсті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14 пайызға артық. Соның ішінде 500 мыңға жуық соғылған қоңырау полицияның дереу әрекетін талап етті. Осыған орай, бұл бағытта полицияның кешенді күштері шұғыл жұмылдырылды.

Елордада ұялы байланыс немесе басқа байланыс болмаған жағдайда, полицияға жедел қоңырау шалу мүмкіндігін «SOS дабыл батырмасы» жобасы арқылы да жүзеге асыруға болады.

Қала көшелерінде, саябақтар мен алаңдарда 15 арнайы құрылғы орнатылды. Осы жоба жүзеге асырыла бастағаннан бері 70-тен астам нақты өтініш түсті. Негізгі шағым қоңыраулары әкімшілік сипаттағы құқық бұзушылықтарға (тыныштықты бұзу, қоқыс шығару, жол қозғалысы ережелерін бұзу, анықталмағалық сипаттағы кеңес беру және т. б.) қатысты.

Қазіргі уақытта елорданың білім беру мекемелеріне 29 мыңнан астам бақылау камерасы қойылды. Олардың бір бөлігі

мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бағдарламалар аясында орнатылып, жұмыс істеуде.

2022 жылы бейнебақылау камераларының көмегімен полиция қызметкерлері 3233 қылмысты (оның ішінде 4 адам өлтіру, 127 тонау, 2500-ден астам жеке мүлкті ұрлау) және 30000 әкімшілік құқық бұзушылықты ашты. Бұл істелген жұмыстың бір легі ғана. Алда бізді әлі де ауқымды міндеттер күтіп тұр. Ал Президент белгілеп отырған реформалар тиімді, техникалық тұрғыда жарқатандырылған әрі халық үшін ашық, азаматтар мен қоғамның мүддесін кез келген заңға қайшы қол сұғушылықтан сенімді қорғауға қауқарлы полиция қызметін қамтамасыз етері сөзсіз.

Сұхбаттасқан

Таңатар ТӨЛЕУАЛИЕВ





БАСЫМДЫҚТАРЫ БАР АМАНАТ

Amanat партиясының Республикалық сайлауалды штабы мүшелерінің өңірлердегі сайлаушылармен кездесулері жалғасып жатыр. Кеше партиялықтар Шығыс Қазақстан облысына келді. Зайсан қаласында штаб мүшелері аудандық көпсалалы аурухана ұжымымен кездесіп, партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасындағы денсаулық сақтау саласын дамыту шараларын талқылады.

Amanat төрағасы Ерлан Қожанов партия осы салаға, әсіресе, ауылдық жерлерде ерекше назар аударатынын атап өтті.

«Тағы бір басымдық – ауыл медицинасы. Алдағы 5 жылда партия ауылдағы санитарлық автокөліктерді жабдықтауды қолға алады. Ауылдағы жас маманға көтерме жәрдемақыны 10 миллион теңгеге дейін арттыруды қамтамасыз етеміз. Бұл ауылдағы кадр тапшылығы мәселесін шешуге мүмкіндік береді» деді партия төрағасы.

Осы күні аманаттықтар Зайсан және Тарбағатай аудандарының жұртшылығымен кездесті. Жүздесуде шекаралас елді мекендердегі көлік, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға баса назар аударылды.

Amanat партиясының сайлауалды бағдарламасы қазақстандық байланыс спутниктерінің көмегімен елдегі 500 шекаралас, шалғай және жету қиын ауылды интернетпен қамтамасыз етуді көздейді.

Amanat партиясының сайлауалды бағдарламасы қазақстандық байланыс спутниктерінің көмегімен елдегі 500 шекаралас, шалғай және жету қиын ауылды интернетпен қамтамасыз етуді көздейді.

Партия облыстық және аудандық маңызы бар автожолдарды салу және реконструкциялау жұмысын қолға алады. Қала мен ауыл халқын 100% сумен қамту үшін партия жаңа су қоймаларын салуды және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғыртуды жоспарлап отыр.

ЖҰМЫСШЫЛАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ



Кеше «Ауыл» партиясынан ҚР Парламенті Мәжілісінің және Астана қаласы мәслихатының депутаттығына кандидаттар «Астана электротехникалық зауыты» ЖШС еңбек ұжымымен кездесті. Кездесу барысында кандидаттар үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, қызметкерлерге «Ауыл» партиясының сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарын таныстырды.

«Ауыл» партиясынан Мәжіліс депутаттығына кандидат Николай Арсютин сайлауалды бағдарламаның басты бағыттарының бірі – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді еңбек ұжымының мүшелеріне түсіндірді. «Тәуелсіздік алған 30 жыл бойы, оның ішінде соңғы 2-3 жылда азық-түлік бағасы өсуде. Мұны кез келген адамның қалтасы көтере бермейді. Сондықтан «Ауыл» партиясы халықтың табысын, әлеуметтік қызметтердің, атап айтқанда, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет саласын арттыруға ниетті. Сондай-ақ біз ана тілді нығайтуға, халықтың рухын жандандыруға және қазақстандықтардың санасын жаңғыртуға өз үлесімізді қосқымыз келеді» деп атап өтті Николай Арсютин.

Сонымен қатар кездесу аясында кандидаттар қалада өмір сүрудің жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту сияқты тақырыптарды көтерді. Үгіт-насихат тобы қазақстандық қоғамда отбасының, ана мен жастардың ролін арттырудың маңыздылығын мәлімдеді. Ауыл мен ауыл шаруашылығын дамыту арқылы барлық әлеуметтік-экономикалық мәселені түбегейлі шешуге болатынын айтып, іс-шараны қорытындылады. Жұмысшылар болса «Ауыл» партиясының бастамаларын қолдады.

Кездесу соңында кандидаттар сайлаушыларын азаматтық ұстанымын көрсетуге, сайлауға баруға және бюллетеньде 2 нөмірдегі «Ауыл» партиясына дауыс беруге шақырды.



ТАРАЗДЫҚ ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Respublika партиясының төрағалары мен кандидаттары Тараз қаласына барды. Онда жергілікті кәсіпкерлермен, түрлі саладағы компаниялардың еңбек ұжымдарымен кездесулер өтті.

Ең алдымен, көне шаһардағы кез келген тұрғын қатыса алатын, ой-пікірін, ұсынысын жеткізе алатын кездесу болды. «Баласағұн» сарайына партия мүшелерін тыңдауға 1000-нан астам тараздық тұрғын жиналды.

Көпшіліктің алдында партия төрағасы Айдарбек Қожаназаров, тең төраға Сырымбек Тау, Мәжіліс депутаттығына кандидаттар Қуаныш Шонбай, Қырмызы Жандосова, Екатерина Смолякова, Әсел Дәкен, Олжас Болатбекұлы және Бақытбек Хамит сөз сөйледі. Олар партия бағдарламасымен таныстырып, «елдені өзгерту қажет?» деген сауалды талқылады.

Шараны партия басшысы Айдарбек Қожаназаров ашты. «Біздің саясатта тәжірибеміз жоқ. Бірақ уәде беріп, кейін оны орындамай қалудан да

тәжірибеміз жоқ. Сіздерге беретін жалғыз уәдеміз мынау: сіз Respublika партиясынан тек шындықты естисіз, кейде бұл шындық ащы болуы мүмкін. Бізге дауыс беру арқылы сіз болашақ үшін дауыс бересіз. Осы арқылы Қазақстанның талантты және іскер жастарына мүмкіндікке жол ашасыз» деді партия төрағасы.

Партияның тең төрағасы Сырымбек Тау Қазақстанда ауқымды реформалар жүргізілуі керектігін айтты. Ең алдымен, қарызға белшесінен батқан қазақстандықтардың жағдайын жақсартуға баса назар аударылу керек. Ол ел тұрғындарының, тіпті азық-түлік алу үшін де несие алатынына қынжылды.

Кездесу соңында спикерлер аудиторияның сұрақтарына жан-жақты жауап берді.

АУЫЛ ДАМЫМАЙ, АДЫМЫМЫЗ АШЫЛМАЙДЫ



Қазақстан Халық партиясы төрағасының орынбасары, Мәжіліс депутаттығына кандидат Асхат Асылбеков Жамбыл облысы Қордай, Шу және Тұрар Рысқұлов аудандарының тұрғындарымен кездесті.

Кездесу барысында көпбалалы аналар, жастар, жер мәселелері және зейнетақы жайы сөз болды.

– Ауылды аймақтарды дамытудың бірыңғай картасын әзірлеу керек. Бұл бағдарлама шеңберінде ауылдық жерлерде көпбалалы отбасылар үшін тегін тұрғын үй салудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуді ұсынып отыр Қазақстан Халық партиясы, – деді Асхат Асылбеков.

Кездесуде сайлаушылар көкейінде жүрген сан сауалдарын қойды. Әсіресе, жайылымдық жер тапшылығы мен шалғай ауылдар-

дағы инфрақұрылым мәселесін сөз етті. «Қазақстан азаматтарына ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді 5-тен 500 гектарға дейінгі аумақта 7 жылға пайдалану құқығын тегін беру керек. Бірақ бұл заңды тұлғаларға жүрмейді» деді.

– Біз, әйелдер, 58 жаста зейнетке шығу керек деген қозғалысты қолдаймыз. Нәтижесінде, әйелдердің зейнетке шығу жасын 61 жастан ұлғайтпау жөнінде 5 жылдық мораторий жарияланды. Біз бұл жұмысты одан әрі жалғастырамыз. Себебі әйел – ана, қыз, қарындас, жар! Біз Парламентте оларды қорғайтын

заң қабылдаймыз! – деді кандидат.

Жастар мәселесі де күн тәртібінде күйіп тұр. Жұмыссыздық пен баспана жайы жас отбасылардың қабырғасын қақыратып барады. Осы орайда Қазақстан Халық партиясы жастарға арналған жеке мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасын қабылдауды талап етуде. Сонымен қатар, студенттер шәкіртақысын көтеру, тегін жатақханамен қамту мәселесіне де партияның шешімі анық. Мемлекет студенттерге жатақханада тегін тұруды қамтамасыз етуі тиіс, – деді Мәжіліс депутаттығына кандидат А.Асылбеков.



ЭКОХАКАТОН ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

Астанада күн сайын 50 мың полиэтилен өнімі қоқысқа кетеді. Бұл Жасылдар партиясының ұйымдастыруымен өткен Экохакатонның басты мәселесі ретінде айтылды. Оған қатысушылар жабық қоқыс жәшігін орнатуды ұсынды.

Студенттермен кездесу барысында партия мүшесі және экобелсенді Мира Аббасов саналы тұтынуға көшудің маңыздылығын атап өтті.

– Қазіргі күні әлемді маркетинг мамандар билеп, өз тауарларын ұсынады. Ал біз өз кезегімізде нақтылай заттардың қаншалықты қажеті бар екенін санамыздан өткізіміз керек. Мысалы, бір джинсы шалбар шығару сегіз мың литр суды қажет етеді және оған басқа да ресурстар қажет. Сондықтан әр затты алмас бұрын ой таразысынан өткізу керек, – деді ол. Астана қаласында әзірге бір ғана

қоқыс өңдейтін зауыт бар. Екіншісі әзірге тек жоспарда. Қала көшелерін ұшып жүрген пакеттер мен шашылып жатқан пластикалық бөтелкелерден тазарту үшін Экохакатон қатысушылары жабық қоқыс жәшігін орнатуды ұсынды. Студенттерді мазалайтын экологиялық мәселелер – Есіл өзенінің ластануы мен Талдықөл мәселесі. Олар өздері сияқты жастарды табиғатты аялауға шақыру үшін қала тұрғындарының экобелсенділігін арттыру үшін сенбіліктердің форматын өзгертіп, эконест, марафон сияқты қызықты іс-шараларды өткізуді ұсынды.

«Baytaq» партиясының жасыл экономика бойынша хатшысы Шыңғыс Лепсібаев партияның Астана аумағында ғана емес, Қазақстан бойынша экологиялық жағдайды жақсартудың жолымен бөлісті. Байтақтар көгалдандыру мен ТҚШ салаларында жаңа тәсілдерді қолдайды. Бар болғаны төрт жыл көлемінде партия мүшелері халықаралық стандартқа сәйкес келетін қала көрінісін көгалдандыруды жоспарлап отыр. Экохакатонда айтылған барлық ұсыныстар партияның жұмыс жоспарына енгізілетін болады.

ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?



Азат Перуашев бастаған «Ақ жол» демократиялық партиясы республикалық штабының мүшелері Алматының еңбек ұжымдарымен кездесулерін жалғастыруда.

«Ақжолдықтар» локомотивтерге техникалық қызмет көрсетіп, жөндеумен айналысатын Қазақстандағы ең ірі кәсіпорын - «Қамқор Локомотив» компаниясының Алматы локомотив депосының ұжымымен кездесті.

«Қазақстан аумағында біртұтас нарық, біртұтас экономикалық кеңістік болуы үшін барлық өңірлерді, өндірушілер мен тұтынушыларды байланыстыру өте маңызды. Бұл іргелі жұмыста негізгі салмақ теміржолға түседі. Бүкіл ҚТЖ жүйесін Еуропа мен Азияны байланыстыратын көпір қызметін атқаратын халықаралық

көлік-логистикалық компанияға айналдыру жобасы әзірленуде. Қытай мен Батыс арасындағы контейнерлік тасымал көлемінің өсіп келе жатқаны да кездейсоқ емес» деді партия жетекшісі.

Кездесу барысында Азат Перуашев партияның саяси бағдарламасының алты негізгі бағытын атады: тәуелсіздік және «Алаш» ұлттық идеясы, демократия және парламентаризм, сыбайлас жемқорлықпен және деофшоризациямен күрес, әлеуметтік әділеттілік, нарықтық экономика, кәсіпкерлік пен отандық өндірушілерді қолдау, сапалы

сыртқы саясат.

Компания қызметкерлері КСО олигополиясына қатысты мәселелерді көтерді. Демпартия басшысы 2017 жылдан бері «Ақ жол» фракциясы кірме жолдарды рейдерлік басып алу мен «КСО» АҚ-ның тарифтерді күрт көтергені туралы бірнеше рет депутаттық сауал жолдағанын еске салды. Бірақ, тек Президент Қ.Тоқаевтың тікелей тапсырмасынан кейін ғана монополиясыздандыру жөніндегі үкіметтік комиссия жолдарды заңды иелеріне қайтаруға қол жеткізіп, вагондардың өту тарифтерін 12 есеге төмендетті.

ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясынан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына партия тізімі бойынша кандидат Мақсұт Насибулов Астана қаласының жұмыссыз азаматтарымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында жұмыспен қамту, сонымен бірге азаматтарымыздың несиеге белшеден бату мәселелері көтерілді. Мақсұт Насибулов өз сөзінде қарапайым азаматтардың қызығушылықтарын қорғау бойынша Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының қызметінің негізгі бағыттарын атап өтті.

Кандидатпен кездескен азаматтар күні бойы қара жұмыс істеп жанталасқанымен, тапқандары шайлығынан аспайтынын айтып, соның кесірінен қарызға батқан, кредитке байланған азаматтардың

күн сайын көбейіп бара жатқанын жеткізді. «Мемлекет жұмыссыз, кірісі төмен азаматтардың тұрмысына көңіл бөліп, азаматтарды жұмыспен қамту ісіне барынша назар аудару керек. Жаңадан сайланатын депутаттар біздің осы жанайқайымызға құлақ асса» дейді кандидатпен кездесушілер.

Елімізде жұмыссыздық мәселесі жыл сайын ұлғайып келеді. Өкінішке қарай, қазір елімізде екі қолға бір күрек таба алмай жүрген азаматтарымыз көп. Статистика да көңіл көншітпейді. 12 айдың ішінде ҚР-да несиесі

бар азаматтардың саны 962 мың адамға артқан. Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша, Қазақстан азаматтарының 15 пайызы – кедей. Оның үстіне бұл азаматтардың қатары күн санап көбейіп барады.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы өкілдері билік белгілеген 100 доллардан сәл ғана асатын төменгі күнкөріс деңгейі азаматтарымыздың нақты қажеттілігін өтемейді, сол себепті бұдан былай әлеуметтік саясаттың негізі бола алмайды деп санайды.



ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН ҰРПАҚТЫ АЗДЫРМАСЫН

**...АДАМЗАТ ҰШІН ХХІ ҒАСЫР –
ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ
ҒАСЫРЫ. ӨМІРІМІЗГЕ БҰЛ ЖАҢА
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖАҚЫНДАҒАН
САЙЫН, ОНЫҢ ҚАЙШЫЛЫҚТА-
РЫ ДА КЕЗДЕСПЕЙ ЖАТҚАН ЖОҚ.
БҰЛ ЖОЛҒЫ ӘҢГІМЕМІЗ ИНТЕРНЕТ
ЖЕЛІСІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ҰЯЛЫ
ТЕЛЕФОН ЖАЙЛЫ БОЛМАҚ.**



ҒАЖАЙЫП ДҮНИЕ

Шындығында бұл компьютер мен ұялы телефонның ішінде бәрі бар. Есептегіштен бастап, күнтізбе, сағат, әртүрлі тақырыптағы видеолар мен кинолар, небір өңдер тыңдайсың. Әдеби кітаптарды да осыдан оқуға болады. Телехабарлар көріп, радио хабарлар мен жазбаларды тыңдап, құттықтауларға қажетті сөздерді де осыдан тауып ала аласың.

Тіпті білмей отырған сұрағыңды да сұрақ қоя отырып, осы ұялы телефоннан білесің. Өзіңе керек адамның сол мезетте сөйлесесің. Ең бастысы, балаларымыздың қай жерде жүргенін біліп отырамыз. Шынын айту керек, ғажап дүние... Оған таңданбақса лақың жоқ.

Ал енді осы ұялы телефонның зияны неде? Ұялы телефон қолданысқа енгеннен бері адамдар да, әлем де өзгеріп кеткен сияқты. Осының бәрін мен мына жанымызда жүрген ұялы телефон мен компьютерден көремін.

Ал балаларымыз болса, бұған үйренгені сонша әкесі де, шешесі де – осы телефон. Тіпті сиқырлап алғандай. Бұл смартфон мектеп оқушыларының ғана емес, тіпті кішкентай балалардың да өміріне іштей кіріп алды деуге болады.

ТЕЛЕФОН БАЛАНЫҢ ОЙЫНШЫҒЫ ЕМЕС

Кейбір ата-аналар бұл телефонды бір жастағы балаларға ойыншық ретінде қолына ұстата салады. Оны ұстаған бала алдымен аузына апарды. Жалайды. Соңында қалай екені белгісіз тетіктерін басып-басып үйреніп алады. Ал қолынан алсаң, жылдайды, бақырады-шақырады, әйтеуір ата-анасына айтқанын істеді.

Ал жылғаған баладан құтылғысы келген ата-ана, өзінің жан тыныштығын ойлап, телефонды қолынан алмайды. Ата-ана телефонның кішкентай балаға қаншалықты зиян екенін іштей білсе де, білмегендей сыңай танытқанына қайран қаласың.

Көргенімді айтайын, бірде таныс құрбымның үйіне бардым. Бесінші сыныпта оқитын немересі телефонда отыр екен. Әжесі: Балам, сабағыңды оқы, бүгін бес сабақ, үлгермейсің, – деп барып қолынан телефонды алып қойды. Сол-ақ екен, жаңағы бала мінез көрсетіп, айтпаған сөзі жоқ, көзі алақтап, дір-дір етті де қалды. Мен шошып кеттім. Бала басқа бөлмеге қарай жүгіріп, есікті тарс етіп жауып алды. Содан мен кеткенше сол бөлмеден шыққан жоқ, сабақ жайына қалды. Баланың қылығынан ұялған құрбым, қазіргі барлық балалар осындай деп ақталып

жатыр. Шындығында мұндай жай барлық отбасында кездеседі десем артық айтпаспын.

Бұл ұялы телефон мектеп оқушыларының да қолынан түспейді. Телефонды жандарынан тастамай өздерімен бірге мектепке сабаққа алып барады. Оған ата-аналар да, мұғалімдер де көңіл бөлмейді.

ҮЛКЕНДЕР ДЕ ЖАСӨСПІРІМ СЕКУЛДІ

Ал жастар ше? Тіпті қызық, автобуста отырғандары да, көшеде кетіп бара жатқандарының да екі қолында телефон. Құлақтарына киіп алған құлаққаптан сұрақ қойсаң естімейді, өзіңе қарап бедірейеді. Ал екі жас дәмханада отырса, бір-бірімен шүйіркелесудің орнына телефоннан видео көрініс көріп отырады.

Ал үлкендер ше? Олар да балалардай. Мына індеттің зардабы ма, әлде ұялы телефонның сиқыры ма, олардың да қолдарынан телефон түспейді. Тіпті адамдар бір-бірін мерекеді, не туған күнде құттықтап телефон арқылы сөйлесу керек болса, құттықтаудың орнына смайлик жіберіп құтыла салады.

Әлеуметтік желіде топ-топ болып, әртүрлі тақырыпта айтысып-тарғысып жатқан жұрттың арасына қалай кіріп кеткенімді де білмейміз. Құндылық пен құнсыздықтың арасын ажырата алмай, абдыраған жұрт.

Әркім өз мамандығын жақсы меңгермей, өзін-өзі кітап оқуға үйретіп, рухани тұрғыда дамытпай, тобырлық санадан арыла алмаймыз. Ал тобырлық санадан арылмай, ішкі мәдениетіміз қалыптаспайды. Осыншалықты рухани құлдыраудың құны тым ауыр екенін ескеріп жатырмыз ба? Бізден кейін оның ауыр зардабын болашақ ұрпақ тартатынын пайымдай алдық па? – депті Аягүл Мантай. Өте дұрыс айтылған ой.

МИҒА ДА, КӨЗГЕ ДЕ, ЖҮЙКЕГЕ ДЕ ЗИЯН

Шынында да Фейсбук, Инстаграм тағы да басқа желілерде отырып алып әртүрлі тақырыпта бір-бірімізбен жағаласып та жатқан жоқпыз ба? Білетін тақырыбымызға да білмейтін тақырыбымызға да араласып, тіпті саясатқа да кіріп кетеміз ғой. Жөні бар, жөні жоқ мәселелерге араласамыз. Есептеп қарасам, ұялы телефоны бар көп адам күніне кемінде 7-8 сағат уақытын осы интернетте өткізеді екен. Тіпті қызметте отырғандардың өзі ара-арасында жұмысын тастай сала телефонға үңіледі. Оның орнына елге қажетті іспен айналысса жөн болмай ма?

Ал ата-аналар сол интернетке

кеткен уақытын балаларының тәрбиесі мен оқуына көңіл бөлсе, отбасының жағдайын түзеткен болар еді.

Осы телефонда шұқшынып, тесіліп көп отырғанның жасөспірімге де, балаға да өте зиянды екенін баршамыз білеміз. Адамның миынан басқа, көзге зиян. Ал үлкендер үшін ата-аналардың бұрынғыдай әңгімелесуі, жақынымен сырласуы жайына қалып, қатыгездік пен тұйықтық, немқұрайлылық пайда болды. Адамдардың мінездері де өзгеріп кеткенін бүгінде баршамыз біліп отырмыз. Тіпті өзіміз де олардан алыс емеспіз.

Ал енді осы телефон мен компьютердің адамзат баласына тигізіп отырған зияны жайлы тоқталсақ. Осы телефонда шұқшынып, тесіліп көп отырғанның жасөспірімге де, балаға да, оқушыға да, ересек адамдарға да өте зиянды екенін баршамыз білеміз. Адамның миынан басқа, оның көзге де зияны өте зор. Телефонда көп отырған баланың жүйке тамыры нашарлап, көпке дейін ұйықтай алмай мазасызданады. Тіпті өз басым мақала жазып компьютерде көп отырып қалсам, түні бойы ұйықтай алмай қиналамын. Таңға қарай шаршап барып көз ілемін.

БІР-БІРІМІЗБЕН ӘҢГІМЕЛЕСУДЕН ҚАЛДЫҚ

Қарап отырсақ, үлкендер де бір-бірімен бұрынғыдай әңгімелесуден қалды. Жақынымен де бұрынғыдай сырласпайды. Оған уақыты жоқ, күні бойы телефонда отырады. Мінездерінде қатыгездік пен бейқамдық бар. Өзіміз де солардан алыс емеспіз, басымыздағы жай, кімге күлеміз, бәріміз сондай күй кештік. Ал енді осыдан қалай құтыламыз? Оған тек салауатты өмір, таза ауада жүріп, қолың бос болса кітап оқу қажет деп ойлаймын.

Ал кішкентай балалардың жағдайы тіптен қиын. Ғалымдардың зерттеуінше, балалардың телефонға қарауының зияны үлкендермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары екен. Оған себеп балалардың жүйке талшықтары өсіп-жетілу кезеңінде болғандықтан, олар радиациялық сәуледен тез зиян шегеді екен. Кішкентай балалардың бас сүйегі жұқа болғандықтан, радиациялық сәуледен қорғанысы да әлсіз болады дейді.

Дәрігерлердің зерттеуі бойынша, бастың аймағында ісікке шалдыққан адамдардың саны жылдан жылға артып келеді. Бұл, негізінен, ұялы телефонның әсерінен деп тұжырымдайды.

Сондықтан балалардың назарын ұялы телефонға емес, олардың назарын әртүрлі үйірмелерге қатыстырып, спортқа

қызығушылығын арттырып, мектептегі қоғамдық жұмыстарға салу керек. Әрине, мұнымен тек ата-аналар ғана емес, сынып жетекшілері де өз үлесін қосса, нұр үстіне нұр болар еді.

Ұялы телефонның зияны жайлы зерттеп жүрген Оразбек Пернебайдың айтуынша, ғалымдар ұялы телефонның электромагниттік толқындарының адам ағзасына қаншалықты зияны бар екенін зерттеген екен. Көп елде осыған байланысты арнайы программалар құрылып, үш жылдық көлемінде зерттеулер жүргізілген. Оған 12 елден келген 15 мың дәрігер қатысыпты. Зерттеу нәтижесінде құлақтың маңайында орналасқан ми, көз, сілекей безі, құлақ түйсіктеріне зияны көп екен.

Естүімізше, әрі әртүрлі ақпараттардан оқуымызша, қазіргі уақытта осы ұялы телефонды шығарған жапон, корей елдерінде оқушыларға мектепке телефон алып келуге қатаң тыйым салған. Тіпті үйде де, қоғамдық жерлерде де шектеу қойған екен. Бізде де сондай талап болса деймін. Бұл талапты әрине, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен ата-аналар қою керек деп ойлаймын. Жасөспірімдер мен балалардың денсаулығын ойласақ, осындай шешім шығару керек. Мектепке келгенде әр бала өз сыныбында телефонын тапсырып, үйге кетерде ғана алу қажет. Бұл қиын шаруа емес қой?

Осы жерде мына жайды айтпай кетуіме болмас, екі жыл қатарынан онлайн сабақ болғанда кейбір мұғалімдер үй тапсырмасын түсіндірудің орнына, осы тақырыпты интернеттен оқып алсаңдар да болады дегенді талай естідім. Міне, ұялы телефонға тәуелділікті мектеп жасап отырған сияқты.

Үйде де, мектепте де күні бойы телефонның құлағында отырған бала ертең кім болады? Көзі көрмейтін, құлағы естімейтін, жүйке тамыры нашар, ашушаң бала болады. Оларды осындай нашар бала етіп тәрбиелеп жатқанымызға кім кінәлі, кім жауап береді?

Ата-аналар да, мектеп те, Оқу-ағарту министрлігі де бұл проблемаға атсалысу қажет. Әйтпегенде, кеше болады.

– Саналы, білімді, денсаулығы мықты балалар мен жастарымызды тәрбиелеу – баршамыздың парызымыз. Осыған көңіл бөлейік, – дейді менің ойымды қостаған Астананың Ардагер кеңесінің қарт ардагерлері мен зейнеткерлері.

Ғалия БАЛТАБАЙ,
журналист, Астана қалалық Ардагерлер кеңесі медиа тобы жетекшісінің орынбасары

Астананың көшелерінен жиі байқаймыз, қолдарындағы қағаз құтыдағы сусынды құшырлана ішіп, желдей есіп бара жатқандардың қарасы көбейді.

«КОФЕЛЕНІП» БАРА ЖАТҚАН ЖОҚПЫЗ БА?

Айгүл УАЙС

«Кофені өзіңізбен бірге ала кетіңіз» деген мәзірін жазып, көшеге қойған жарнамалар да жеткілікті. Мұны енді кофе ішудің тәсілін «американша» деп атаймыз. Кофе ішудің осы дәстүріне «кофеленген» халықтың таңдауы түскен сияқты. Әйтпесе, әлемде асықпай, үйінде баптап, достарының ортасында емен-жарқын әңгімені ағытып отырып ішетін «шведше» түрі, эфюптардың да аргентиналыққа тән өзіндік салты бар. Саудиялықтар кофені қонақтың көзінше дайындап, сыздықтатып ішкенді қалайды екен. «Эспрессо, капучино және латте макиато» атауларына қарап италиялықтардың дәстүрінен жеткенін білеміз.

«Қап-қара тамуқ сияқты, өлімдей күшті, тәп-тәтті сезімдей» деп түріктер османлы кезінде кофе ішуді бастапты. Осыдан екі жыл бұрынғы статистикаға сенсек, Финляндия кофе ішуден алда тұр, бір фин жылына 12 кг кофе ішеді екен. Мұның бәрі неге тізіп отырмыз? Осыдан бір ғасырлардың шамасында тұрмысымызға енген шай қазір ұлттық сусынға айналды. Бүгінгі күні жылына бір жарым келі шай ішеді екенбіз, осы қалпымызбен әлемнің ең көп шай ішетіндердің алғашқы ондығын тұйықтап тұрмыз. Бір қызығы, шайдың отаны Үндістан мен Қытай халқы шайқорлардың қатарына кірмеген.

Ресей отаршылдығымен бірге келген шайдың және шай ішу рәсімінің кең етек жаюы XIX ғасырдың екінші жартысына келеді. Қазақтың шайлануына себепкер болған әрі негізгі таратушысы – орыс патша әкімшілігі. Алдымен қазақтың ақсүйектерін дөніктіріп, артынша тардың бағасын түсіріп, қарапайым халықтың арасында таралады. Тіпті, сол кезеңде «Ресей мемлекетінің қазынасына пайда түсіруі тиіс кірпіш шайын қолдану әдетін енгізу» туралы арнайы бұйрық шығарады. Қазақтардың

шайды қалай ішетіні туралы XIX ғасырдың орта шенінде жапондық зерттеуші М.Киттар «Қазақтар шай ішкенде уақыт та, орын да талғамайды. Кез келген тамақтан бұрын да, кейін де іше береді» деген екен. Интернеттегі мына дерек қазақтың адам басына шаққанда жылына 1-2 келі шай ішетіні анықтаған, кофеленгендердің статистикасы әлі жоқ. Шай туралы айтармыз осымен бітті, өйткені шайсыз тұра алмаймыз.

Шай ішпесек, бас ауыратын халге жеткізген шайдың қысқаша тарихы осылай. Жарайды дейсің, егер Қояндының не Қосшының айналасында шай плантациялары немесе кофе ағаштары өсіп тұрса. Біздің жағдайымызда бәрін сырттан тасып ішіп отырған жайымыз бар.

Ал енді тұрмыс салтымызға бүгіндей ене бастаған кофеге келейік. Кофе ішетіндердің дені 99 пайызы кофені үйінде демдеп ішеді екен. Әрбір бес минут сайын 2 000 000 шәшке кофе ішіледі. 67 пайызы кофе дөңдерін не ұнтақталған түрін супермаркеттерден алады, 39 пайызы бір түрлі кофеге үйреніп, шығарушысын ауыстырмайды. Кофе құмарлардың 58 пайызы ұйқысынан ояну үшін іше, 42 пайызы кофе мен шайды шаршаған кезінде сергу үшін ішеді екен.

Ал «кофеленіп» келе жатқандарға айтармыз бар. Кофенің пайдасы шаш-етектен дейді. Сонымен бірге асқазаны ауыратындарға, әйелдің аяғы ауыр кезінде, жүрек-тамыр жүйесі науқасы барларға, жас балаларға, гипертония, жүйке аурулары, ұйқысыздық кезінде ішуге болмайды. Жүйкесінде кінәраты барлар кофеден мүлдем аулақ жүруі тиіс.

Әрине, кім мұны елеп жаттыр дейсің. Алайда қазіргі жастардың кофеленіп бара жатқанына қарап, алдағы жылдарда олардың бұл әдеті біздердің шайқұмарлығымыздан асып түспесе кем болмас деп болжап отырмыз. Елорданың бұрыш-бұрышында кофеханалар көбейіп келеді. Білгенге бұл да пайдалы кәсіп сияқты.



АҚЫРЫН ЖҮРІП, АНЫҚ БАСҚАН...

Ғасырлар алмасып жатқан тұста ел газеті – «Егемен Қазақстан» жаңа елордаға алғашқылардың қатарында көш түзеуге қамданып жатты. Алдымен осында бөлімше құрылды да, көп ұзамай бұрын аудандық әкімдік орналасқан екі қабатты ескі ғимаратты редакцияға бөлген соң соны жөндеп, жасқаудың қамына кірісіп кеттік.

Осы сәтте «Егемен Қазақстанның» тізгінін Ержұман Смайлы ұстаған еді. Мен бас редактордың бірінші орынбасары ретінде шұғыл түрде Ақмолаға қоныс аудардым. Бір жарым ғасырдай бұрын менің бабам Кенесары сарбаздарымен бірге ілесіп, осы өңірден Сырдария жағалауына кеткен екен, жаңа астана іргесі қаланып жатқан тұста тағдыр мені қайтадан Ақмолаға әкелді. Жасыл желекке оранып, асқар тауларға сүйенген Алматыдан кейін қала сұрқай, кейіпсіз, шағын, көңіліз көрінгенмен, еңсе биік, көңіліміз шат болатын. Міне, осы кезеңде тағдыр бізді Жүкең – Жүнісбек Сұлтанмұратов ағамызбен жолықтырды. Бұрын атын сырттай естігенбіз. КазГУ-дың журфак-ын үздік бітірген. «СК»-да қызмет еткен әрі қарай кіші, үлкен ЦҚ-ға ауысқан, баспасөзбен тығыз байланыста.

Кең пішілген, нартұлғалы Жүкең бұл кездері Үкіметтің баспасөз қызметінде. Алғашқы таныстықтан-ақ жылы шыраймен бауырына тарта сөйледі. Бұл маған ғана жасалған ишара емес, ол кісінің туа бітті қасиеті екен, бұған кейін араласа келе көзіміз жетті. Жаңа астана, күнде шара, күнде жиын. «Егеменнің» елордадағы он шақты қызметкері шаһар шежіресін қаттауға бел шеше кірісіп кеткенбіз. Жүнісбек Қабықейұлы тапсырма береді, тақырыптар ұсынады. Үлкен үйде отырмын демейді, дауысында зіл жоқ, жылылық есіп тұрады, ғұмыр бойы жанында жүргендей қамқор бауырына тартады. Бұл өзі лауазымға жеткендердің бәрінің бойынан табыла бермейтін қасиет. Манызды кенседе көп отырғандардың көпшілігі қарым-қатынаста қасаңдыққа, жасандылыққа ұрынатын сияқты көбінесе. Әсіресе, әжептәуір лауазымды қызметі болса, дауыс



ырағы да, жүріс-тұрысы да, сәлемі де өзгере қалатыны өтірік емес. Мен білетін Жүкең талай үлкен лауазымды қызметтер атқарды, бірақ адами қалпы сол бағғы ғасырлар тоғысында елорданың елең-аланында алғашқы танысқан сәттен алшақтаған жоқ.

– Оңтүстіктің азаматтарына ризамын, жағдай сұрап іші-бауырына кіріп тұрады, біз, солтүстік қазақтары, салқынқандымыз ғой, ақ аюлар сияқты алыстан бас изесіп қана өтеміз, – деп жиі айтып отыратын еді, жарықтық.

Үкімет басшысы елімізді аралағанда, шетелге іссапарға шыққанда «Егемен» атынан қосылушы едік әрдайым. Өзге де әріптестер қарасы қалың болады. Осылардың бәріне Жүкең жасы, қызметі үлкен болса да жекімей, зекімей, ағалық қамқорлық танытып жүруші еді. Әйтпесе мұндай сапарларда еркіндеу журналист қауымының тәртіпке бағына қоюы да қиын ғой.

Осылайша қызмет барысында қоян-қолтық араласып, кейде тасшар соғып, дастарқандас болып жүргенде тағдыр бізді Жүкеңмен құдайы көрші етті. «Самал» мөл-текауданында бір үйде тұрдық едәуір уақыт. Ақын әулетінен шыққан, КазГУ-дың түлегі, құдай қосқан қосағы – Ботагөз жеңгейді бірінші хатшысы, Алматы қаласында жоғарғы партия мектебін бітіргеннен кейін Атбасар аудандық партия комитетінің хатшысы мен кенес қызметінде жалғастырып, соңғы он екі жыл Ақмола облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының бастығы қызметін атқарып, осы қызметтен зейнеткерлікке шықты.

Ізденімпаздығы, еңбекқорлығы, жауапкершілігі кімді болсын тәтті қылатын. Жаны жайсаң, жан-жағына нұрын шашып, танығанына жылы сөзін аямай, кімге болсын қол ұшын созып көмек беруге дайын тұратын абзал жан еді.

Үміт Жақсыбайқызы өмірінің

қалай қадірлеп бағалайтынына куә болдық сол жылдар. Ботагөз жеңгей Алматы мен екі ортада жүреді көбіне, қарт енесі, балалар қамымен. Жүз жасқа таап бақылық болған анасына деген қамқорлығына да куә болдық Жүкеңнің. Ананы қадірлеудің үлгісі осындай болса керек. Жалғыз перзент болғанмен, он ұлға татитын мейірім мен шуағына бөленгендей тоғыз сәбиінен шақалақ күйінде айырылған анасынан.

Нағашым – қазақтың арқалы ақыны – Ғафу Қайырбековтің құдай қосқан қосағы 93 жасында бақылық болған, Кеңсайға сүйікті жарының жанына жайғасқан Бәдеш апа сонау жылдары туған жері – Қостанайға бара жатып, Астанада бір аптадай аялдауды дәстүрге айналдырған еді. Елорда түріндегі Ғафу ақын атындағы мектепке, сондағы өзі құрған мұражайға соғып, шалымен сырласпай, құрыс-тұрысы жазылмайды. Көпті көрген, талай тектілер әулетімен дәм-тұздас болған қасиетті кейуана келген сайын мерейіміз өсіп, мәре-сәре болып қалатынбыз. Біздің шаңырақтағы сондай бір қызықты, мағыналы басқосуға көршіміз Жүнісбек аға тап келді. Бәдеш апамен әңгімелесіп, көңілін аулады, аргы-бергіден сыр шертілді.

– Ойырмай, осындай да керемет болады екен-ау, менің ұлым Бақытпен бір жылда, бір күнде туысындар, ол да ұлдан жалғыз, – деп апа ағынан жарылды.

– Тәуба, осындай кең жаратылған, кішіпейіл, қазақи жігіттер бар екен ғой Үкімет жағында, ұзағынан сүйіндірсін! – деп Бәдеш апа шүкіршілік етті Жүкең көршіміз кеткен соң.

Жұртты жатырқамай, бәрін бауырындай көретін, ақырын жүріп, анық басқан Жүкеңмен етене араласқан күндерде әр салада белселе жеткен талай марғасқа, бірегей тұлғалармен

таныстық, тәлімін тыңдадық, өнегесін көрдік. Ашық-жарқын Жүкеңнің айналасы әрдайым алқа-қотан топтан босамайтын, қазақы қалжың, ән-күй төгіліп жатушы еді.

Арқаның байырғы басылымы – «Орталық Қазақстан» газетінің мерейтойына Жүкеңмен бірге аттанатын болдық. Әрқайсымыз өз ұжымымыз атынан әріптестерімізді құттықтап қайтпақпыз. Көлік – «Егемендікі», тізгінді Қанат деген бұл жолды бес саусағындай білетін көнігі жүргізуші ұстаған. Қанат қаладан шыға бере газды басты келіп.

– Оу, бауырым, жайырақ жүр, алпыстан асырма, – дейді Жүкең.

– Аға, мына жолда 90-ға дейінгі жылдамдық рұқсат етілген, – дейді шыдамсыз жүргізушіміз.

– Алпыстан асырма, одан да әңгіме айт асықпай, жол қысқарсын, – дейді Жүкең.

Жүкеңнің байыппен, баппен айтқан әңгімесін тыңдап отырып Қарағандыға өгізаянмен төрт сағаттан астам жол жүріп әзер жеттік-ау. Қайтарда тағы да сол өгізаян...

Кейіннен бір шай үстінде сырын ашты Жүкең. Әкесі де, ол кісінің інісі де көлік апатына ұшырап қаза тапқан екен. Өзі де достары-әріптестерімен бірге жол апатына түсіп, емделіп аман қалған. Асықпайық дейтіні содан екен.

Жүнісбек ағамыз көлікке отырғанда ғана емес, өмірде де асығып-аптықпайтын. Асығып, әбіржіп, шыжбайланып, ашуланып жүру ол кісінің кең пішілген денесіне, бекзат болмысына сәйкес келмеуші еді. Иә, біз қанша асықпайық дегенімізбен, шын дүние – ақырет әлемі құшағын ашып, қол бұлғап, өзіне тартуды қоймайды ғой. Жаксы адамдарды ертеуле алып кететіні несі екен... Әйтпесе Жүкең бұл күндері жетпіс жылдығын думандата атап отыр еді-ау... Дүние ғапыл деген осы да...

Еркін ҚЫДЫР,
Қазақстан
Республикасының
еңбек сіңірген қайраткері

ЕҢБЕКҚОР, КӨПШІЛ ЖАН БОЛАТЫН...

Қоғам қайраткері Бектұрғанова Үміт Жақсыбайқызы 1940 жылы 3 наурызда Сарыарқада кіндік қаны тамып, 2022 жылы 1 наурызда дүниесін салды, міне, бір жыл да өте шықты. Бар өмірін мемлекеттік қызметке арнаған қазақтың асыл, қайратты қызы, мейірімді пейілімен, ақсарқын бауырмашы жүрегімен халықтың, әсіресе аға буынның жадында мәңгілікке қала береді.

1961 жылы Қарағанды Педагогикалық институтының тарих факультетін тәмамдап, еңбек жолын Ақмола облысының білім саласында, Атбасарда қазақ мектеп-интернатының мұғалімінен бастап, Атбасар ауданының комсомол ұйымының

бірінші хатшысы, Алматы қаласында жоғарғы партия мектебін бітіргеннен кейін Атбасар аудандық партия комитетінің хатшысы мен кенес қызметінде жалғастырып, соңғы он екі жыл Ақмола облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының бастығы қызметін атқарып, осы қызметтен зейнеткерлікке шықты.

Ізденімпаздығы, еңбекқорлығы, жауапкершілігі кімді болсын тәтті қылатын. Жаны жайсаң, жан-жағына нұрын шашып, танығанына жылы сөзін аямай, кімге болсын қол ұшын созып көмек беруге дайын тұратын абзал жан еді.

Үміт Жақсыбайқызы өмірінің

соңғы жылдарында өзінің белсенділігін арттырып, республикалық Ардагерлер ұйымының белді мүшесі, аппаратта жауапты қызмет атқарды. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, көптеген іс-шараларына қатысып, өзіндік орнын тапқан іскер мемлекеттік қызметкер болды.

Еселі еңбегінің арқасында «За трудовое отличие» медалімен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен және де көптеген мерейтойлық медальмен марапатталған, қай салада қызмет етсе де, өзіне жүктелген міндетті адал, абыроймен атқарды.

Бергенінен берері көп қоғам



қайраткері, тыңдаушысын елітер ақылман еді. Иманы көміл, ұстанымы мығым, ұлттық тәрбие, салт-санаға берік болған жан еді.

Астана қалалық
Ардагерлер кеңесі

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

«Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ келесі Астана қаласының әкімдігінің ШЖҚ МКК Байқау кеңесері мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың басталғаны туралы хабарлайды:

№ 6 қалалық емхана, № 1 көпбейінді қалалық ауруханасы, № 3 көпбейінді қалалық ауруханасы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 бұйрығына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінші болуын қамтиды:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Мынадай:

1) сотталығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);

2) мемлекеттік және орыс тіліндеріндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртың конвертке салынып мөрленеді.

Конкурсты өткізу орны – Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 419-кабинет, 556839.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2023 жылғы 23 ақпан.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2023 жылғы 24 наурыз.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор, Профилактикалық медицина академиясының академигі Ерболат Дербісәліұлы Дәленовтің қайтыс болуына байланысты көңіл айтамыз.

Ерболат Дербісәліұлы бүкіл саналы ғұмырын Қазақстан медицинасын дамытуға арнады. Оның еңбек жолы және ғылыми қызметі Астана



БЕЛСЕНДІ АЗАМАТ, БЕДЕЛДІ ҰСТАЗ ЕДІ...

медициналық университетімен байланысты. Ғалым сол жерде оқып, кейіннен өзі де сонда сабақ берді. Бүгінгі таңда Ерболат Дербісәліұлының «Ерте реанимациядан кейінгі кезең динамикасына қышқыл-сілтілік тепе-теңдіктің бұзылуының әсері» атты ғылыми диссертациясына ғылыми қызығушылық жоғары деңгейде. Профессордың көптеген ғылыми еңбектері, кітаптары

мен монографиялары дәрігерлер мен ғылыми қызметкерлер үшін анықтамалық іспетті. Ерболат Дәленовтің ел медицинасының дамуына қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Ерболат Дербісәліұлының туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтаса отырып, көңіл айтамыз.

Астана қаласының
әкімдігі

2023 жылғы 22 ақпанда 77 жасында қалалық Ардагерлер кеңесі төралқасының мүшесі, денсаулық сақтау үздігі, қоғам қайраткері, медицина ғылымдарының докторы, профессор, «Астана медицина университеті» КЕАҚ профилактикалық медицина және тамақтану кафедрасының меңгерушісі, ғалым Дәленов Ерболат Дербісәліұлы қайтыс болды.

Ерболат Дәленов 1946 жылы 8 қыркүйекте Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қожабақ ауылында дүниеге келген. 1969 жылы Целиноград медицина институтын үздік тәмамдап, осы институттың кафедрасының аға зертханашысы болып еңбек жолын бастады, кейін Ростов медициналық институтының аспирантурасына жіберілді. 1972 жылдан бастап кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін ассистент, аға оқытушы, доцент, ал докторлық диссертациясын қорғағаннан кейін (1993) профессор, патологиялық физиология кафедрасының меңгерушісі, кейін «Астана медицина университеті» АҚ профилактикалық медицина және тамақтану кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істеді. Төрт рет Целиноград қаласының, Совет ауданының халық депутаты болып сайланды. Ерболат Дербісәліұлы ҚР солтүстік өңірі халқының денсаулығын, салауатты өмір салтын, нақты тамақтануын және тағамдық мәртебесін дамытудың бірқатар тетіктерін ғылыми әзірлеуге елеулі үлес қосты. «Қазақ тілі және мәдениет» қоғамы

Целиноград қаласында ұйымдастырушыларының бірі болды, аз қамтылған тұрғындарына көмек көрсету қорының мүшесі болып, жабырқағандардың жанынан табылды. Ол жоғары мәдениетпен, ізгі ниетпен, әдептілігімен, жауаптылығымен, зейінділігімен ерекшеленді және осы қасиеттердің арқасында ол медициналық қоғам, саяси элита, қала ардагерлері арасында жалғыз бірдей құрметке ие болды.

55 жылдық еңбек жолында Е.Дәленов өңірдің медицина саласының дамуына, әсіресе балалардың денсаулығын қорғауға үлкен үлес қосты, білікті мамандардың тұтас бір тобын тәрбиеледі, соның ішінде 5 ғылым докторы және 24 ғылым кандидаты бар. Профессор Е.Дәленовтің жетекшілігімен 11 магистрлік диссертация және 4 PhD қорғалды. Ол әрқашан таңдалған мамандыққа қызмет етуді бірінші орынға қойды, азаматтардың денсаулығын қорғауға құрметпен қарады.

Ерен еңбегі мен ғылымға қосқан үлесі және қоғамдық жұмысқа белсенді қатысқаны үшін Е.Дәленов «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медалімен, көптеген салалық медальдармен марапатталды.

Марқұмның туыстары мен жақындарына барша елордалық ардагерлер атынан қатты қайғырып, шын жүректен көңіл айтамыз.

Астана қалалық
Ардагерлер кеңесінің
төралқасы

Астана қаласының Есіл аудандық Ардагерлер кеңесі еңбек ардагері, елорданың қадірлі азаматы **АБИШЕВА НҰРҒИЗА ҚАСИҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты туысқандары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

СӘКЕН – САРҚЫЛМАЙТЫН ҚАЗЫНА

Астанада Қазақ ұлттық өнер университетінің 25 жылдығы аясында «Сәкен» операсы концерттік нұсқасының премьерасы өтті. Көрнекті мемлекет қайраткері, ақын, жазушы, драматург, композитор Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен қызметі, шығармашылығы туралы сыр шертетін туынды либреттосының авторы – Қанат Жүнісов, музыкасын жазған – Әліби Әбдінұров.



Жақында «Дала дауысы» республикалық шығармашылық байқауының «Үздік музыкалық-театрлық жаңа туынды» аталымында топ жарған опера аталмыш оқу орнының шығармашылық ұжымдарының күшімен қойылды. Атап айтқанда, бұл – авторлардан бөлек студенттік симфониялық оркестр (көркемдік жетекшісі – Айдар Торыбаев), студенттік хор капелласы (көркемдік жетекшісі және дирижері – Батыржан Смақов), хормейстер Марина Бухвалова, концертмейстер Дана Ившина еңбегі.

Концерттік қойылымды қоюдың өз ерек-

шеліктері бар. Туынды опера театрында, кәсіби актерлердің қатысуымен қойылғанда әсер бөлек болады. Бұл – алдағы күндердің еншісінде. Ал осы жолы студенттер бар өнерлерін салды. Жаңа туындыға залдылық толтырған көрермендердің ықыласы да зор болды.

Операның желісіне тоқталатын болсақ, Сәкен тұлғасы арқылы қазақтың қасіретті тарихы мен сәулелі күндері қамтылған. Туындыда ұлттың мұңы мен шері, қуанышы қатар өрбіп отырады. Атап айтқанда, қазақтарды әскерге алу туралы патша жарлығы шыққанда елдің толқуы, ашаршылық, 1936 жылы Мәскеуде өткен

қазақ өнері мен мәдениетінің онкүндігіндегі ұлттық өнердің жеңісі, саяси қуғын-сүргін секілді тарихтың өшпес парақтары көрініс тапқан. Операда көрнекті сәкентанушы ғалым Тұрсынбек Кәкішұлына құрмет те бар. Бұл туынды басталғанда дүниеге келген сәбиге Тұрсынбек есімін берумен айшықталған.

Ұлттық операларға халық әндері мен күйлерін, халық композиторлардың туындыларын пайдалану әу бастан-ақ бар дәстүр. Бұл әдісті қазақ операсының басында тұрған Евгений Брусиловский, Мұқан Төлебаев та кезінде қолданылған. «Сәкен» операсында да Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау», «Тау ішінде» сияқты әндері, Үкілі Ыбырай, Ақан сері секілді халық композиторлардың туындылары пайдаланылған. Әсіресе, Сәкен ұсталардағы Ақан серінің «Шырмауық» әні әуенінің әсері бөлек. Дәл осы тұста бұл әнді қолдану өте орынды болған деп есептейміз. Операға Сәкеннің «Жас қазақ марсельезасы», «Сыр сандық» сынды өлеңдері де әдемі кіріктірілген.

Туынды кейіпкерлеріне тоқталсақ, оларды Қазақ ұлттық өнер университетінің студенттері сомдап шықты. Атап айтқанда, Сәкен Сейфуллинді Айбек Әбдішұлы, оның жары Гүлбағрамды Нұржайнар Әбілқайырова ойнады. Операда Голощекин, Ежов, Мирзоян, Күләш Байсейітова сынды тарихи тұлғалардың бейнелері де бар.

«Сәкен» операсы С.Сейфуллин атындағы қоғамдық қордың қолдауымен жазылды.

АЛАШТЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Астанада ақын Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай «Алаштың жарық жұлдызы» атты әдеби-танымдық кеш өтті. Әдеби-танымдық кешті орталықтандырылған кітапханалар жүйесі қалалық әкімдіктің «Руханият» мекемесімен бірлесіп ұйымдастырды.

– Ис-шараның мақсаты – қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы, сыршыл да лирик ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын таныстыру, жастарды елжандылыққа, тілімізді құрметтеуге, Отанын сүйуге, әдебиетке құштар болуға тәрбиелеу. Жалпы әдеби-танымдық кештер кез келген адамға жақсы әсер сыйлайды. Адамның кітапқа, проза мен поэзияға қызығушылығы оянады, – деді Астана қаласы әкімдігінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханасы директорының орынбасары Гүлмира Әбілғазина.



Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, Алаш қозғалысының қайраткері Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына арналған әдеби-танымдық кеш төрт бөлімнен тұрды. Біріншісі – «Жүрек сөзінің жыршысы». Мұнда оқушылар мен студенттер ақын өлеңдері мен поэмаларынан үзінді оқыды. Ал «Мағжан тілі – халықтың үні» бөлімінде кешке келген зиялы қауым және өнер майталмандарымен сыр-сұхбат болды. «Мен жастарға сенемін» атты үшінші бөлімде кітапхана қызметкерлері әзірлеген бейнебаян көрсетілді. Ал соңғы бөлімде Мағжан Жұмабаевтың өлеңіне жазылған әндер шырқалды.

Ис-шараға қаламгерлер, өнер майталмандары, оқушылар, студенттер және оқырмандар қатысты.

Сабина КӘКІМЖАН

МЕКТЕП МУЗЕЙЛЕРІНІҢ ОРНЫ ҚАНДАЙ?

Астанадағы Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназияда Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ҚР музейлерін дамыту орталығы және Астана қаласының Әдістемелік орталығы бірлесіп ұйымдастырған мектеп музейлерінің жетекшілеріне арналған «Мектеп музейінің білім беру кеңістігіндегі рөлі» тақырыбында қалалық семинар өтті.

Семинар Астана қаласы Әдістемелік орталығының басшысы Сындыр Дәуешова, ҚР Ұлттық музейі Қазақстан музейлерін дамыту жөніндегі үйлестіру-әдістемелік орталығының басшысы Нұрсерік Жолбарыс, Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясының директоры Данара Жомартованың құттықтау сөзімен ашылды. «Мен қашанда жан-тәніммен сенімен біргемін» атты көрмемен жалғасын тапты.

Көрмеге бұрын-соңды ешбір ақпарат көздерінде жарық көрмеген фотосуреттер қойылды. Семинар бағдарламасына сай «Музей сыры» әдеби-музыкалық композициясы қойылды, интерактивті алаңдар жұмысы көрсетілді. ҚР Ұлттық музейінің базасында құрылған «Мирас» үйірмесінің тәрбиеленушілері, әрі мектеп жанынан құрылған «Жас музейтанушылар» зерттеушілер клубының оқушылары «Мұстафа әлемі» атты шолу экскурсиясын

өткізді. Семинарға арнайы Қызылордадан келген Мұстафа Шоқайдың ұрпақтары өз ойларын ортаға салып, түркі жұртының көсемі Мұстафа Шоқай туралы құнды ақпараттармен бөлісті.

Семинарға қатысушылар үшін музейдің жұмысына қажетті құнды ақпараттар айтылды. Семинарда тәжірибемен бөліскен музей қызметкерлері тарапынан мектеп музейінің экспозициялық құндылығына өте жоғары баға берілді.

